

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрлігінің
мемлекеттік мүлік

және жекешелендіру комитеті
төрағасының міндетін атқарушының

2025 жылғы « 21 » қазан
№ 706 бұйрығымен бекітілді



«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ _____ заңды
тұлға мемлекеттік қайта тіркеуден өткізілді
Алғашқы тіркелген күні _____ ж. « _____ » _____

ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ
произведена государственная перерегистрация
юридического лица _____ 2025
Дата первичной регистрации _____
БСН/БИН _____

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет
комитетінің «Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының
Ұлттық өнер музейі» республикалық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ

Алматы қаласы, 2025 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық өнер музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік Кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын «Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің жекелеген ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 наурыздағы № 449 қаулысына сәйкес құрылды.

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 319 қаулысына сәйкес Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Ә. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер мұражайы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта аталды.

«Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 441 қаулысына сәйкес Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің «Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта аталды.

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 1003 қаулысына сәйкес Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Ә. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер мұражайы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта аталды.

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің республикалық мемлекеттік заңды тұлғаларының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 17 тамыздағы № 564 қаулысына сәйкес Кәсіпорын атауы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып өзгертілді.

«Кейбір республикалық заңды тұлғалардың атын өзгерту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 13 қыркүйектегі № 369-НҚ бұйрығына сәйкес Кәсіпорын атауы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып өзгертілді.

«Кейбір республикалық заңды тұлғалардың атын өзгерту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 10 қарашадағы № 436-НҚ бұйрығына сәйкес Кәсіпорын атауы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып өзгертілді.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер музейі» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарына «Ұлттық» мәртебе беру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 30 қаңтардағы № 774 Жарлығына сәйкес Кәсіпорынға «Ұлттық» мәртебе берілді.

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының атауын өзгерту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 24 қыркүйектегі №537-НҚ бұйрығына сәйкес Кәсіпорын атауы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық өнер музейі» болып өзгертілді.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты республикалық меншік құқығының субъекті құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі - мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзере асыратын орган Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:

толық:

мемлекеттік тілде - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық өнер музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

орыс тілінде - республиканское государственное казенное предприятие «Национальный музей искусств Республики Казахстан имени Абылхана Кастеева» Комитета культуры Министерства культуры и информации Республики Казахстан;

қысқартылған:

мемлекеттік тілде - «Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық өнер музейі» РМҚК;

орыс тілінде - РГКП «Национальный музей искусств Республики Казахстан имени Абылхана Кастеева».

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: А15С9Т5 (050040), Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Көктем-3 шағын ауданы, 22/1-үй.

2-тарау. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, Кәсіпорын жасайтын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер тіркелген кезден бастап жасалынған болып есептеледі.

3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні мәдениет саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты қазақ халқы мен Қазақстан халықтарының көркем шығармашылық ескерткіштерін, әлемнің түрлі елдері мен халықтарының бейнелеу, сәндік және қолданбалы өнер туындыларын анықтау, жинау, жинақтау, сақтау, зерделеу және насихаттау болып табылады.

14. Қойылған мақсатты іске асыру үшін Кәсіпорын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) сақталған туындыларды, сондай-ақ қазіргі көркем мәдениетте болып жатқан үрдістерді зерделеу және талдау;

2) халықтың эстетикалық сұраныстарын қанағаттандыру, оның рухани мәдениетін дамыту мақсатында бейнелеу, сәндік және қолданбалы өнерді белсенді насихаттау;

3) бейнелеу, сәндік және қолданбалы өнер туындыларын Қазақстан Республикасына әкелуді және Қазақстан Республикасынан әкетуді бақылау жөніндегі жұмысқа қатысу;

4) қорларда ғылыми өңдеу жүргізу, әлемдік өнердің дамуын, Қазақстанның бейнелеу және қолданбалы өнерінің ежелгі заманнан қазіргі заманға дейінгі даму үрдісін зерделеу және зерттеу;

5) Кәсіпорын бейініне сәйкес келетін экспонаттарды, жеке коллекциялар мен жинақтарда, басқа музейлердің қорларындағы тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау және зерделеу мақсатында ғылыми іссапарларды ұйымдастыру;

6) тәжірибе алмасу және біліктілікті арттыру мақсатында қызметкерлерді белгіленген тәртіппен шетелде тағылымдамадан өткізу;

7) жеке және заңды тұлғалар өтеусіз берген заттар, сондай-ақ соттың немесе оған уәкілетті мемлекеттік органның шешімі бойынша тәркіленген музей құндылығы бар коллекциялар немесе жекелеген заттар есебінен авторлар мен иелерден қор-сатып алу комиссиясы арқылы музейлік маңызы бар туындыларды сатып алу жолымен Кәсіпорын қорларын толықтыру;

8) тақырыптық-экспозициялық жоспарларды, көрмелердің ғылыми каталогтарын, жөнсілтерлерді, мақалалар мен монографиялар жинақтарын, бейнелеу және қолданбалы өнер теориясы мен тарихы бойынша әдістемелік құралдарды әзірлеу;

9) Қазақстандағы бейнелеу және қолданбалы өнердің жетекші қорларын зерделеу және талдау, олардың ғылыми сипаттамасын жасау, сондай-ақ ғылыми картотекалар жасау;

10) басқа көркем музейлер мен галереяларға ғылыми, әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсету;

11) жекелеген тақырыптарды әзірлеу, коллекция бөліктері мен жекелеген экспонаттарды атрибуциялау үшін шағын бейіндегі тиісті мамандарды ғылыми-зерттеу жұмысына тарту;

12) жекелеген тұлғалардың көркем туындыларын бағалау, олардың сапасын анықтау, қажетті атрибуция жұмыстарын жүргізу және кеңес беру;

13) Кәсіпорын қорларының музей заттарын және жаңа түсімдерді қалпына келтіру, қалпына келтіру (реставрациялау) паспорттарын және қалпына келтірілген заттарға арналған басқа да қажетті құжаттамаларды жасау;

14) ғылыми музейтану қағидаттарына сәйкес және қоғамдық өмірдегі нақты жағдайды, заманауи өнертану мен дизайн талаптарына ескере отырып, қолда бар коллекция негізінде экспозиция құру;

15) Кәсіпорынның бейіні бойынша экспозициялар мен көрмелер бойынша шолу және тақырыптық экскурсиялар, дәрістер, келушілердің суретшілермен кездесуін ұйымдастыру;

16) бейнелеу өнері қайраткерлерінің қатысуымен шығармашылық кештер ұйымдастыру және өткізу;

17) оқушылар, жастар үшін арнайы тәрбиелік іс-шараларын өткізу, үйірмелер мен бейнелеу өнері студияларын ұйымдастыру және т. б.;

18) Кәсіпорынның қызметін насихаттау мақсатында бейнелеу және қолданбалы өнер бойынша афишалар, парақшалар, дәрістер тақырыбының көрсеткіштері, каталогтар, буклеттер, анықтамалық басылымдар және басқа да ғылыми әрі көпшілікке арналған әдебиеттерді басып шығару, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жариялау;

19) барлық қолда бар экспонаттардың сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды кеңінен пайдалану үшін жағдай жасау;

20) туындылардың сақталуын қамтамасыз ету және қалпына келтіруге, консервациялауды қажет ететін туындыларды анықтау үшін профилактикалық шаралар жүргізу;

21) ғылыми мақалаларды, кітаптарды, түпнұсқа дереккөздердің жарияланымдарын, музей коллекцияларының каталогтарын, экспозициялар мен көрмелер бойынша жөнсілтерлер мен буклеттерді, қорлар жөніндегі шолуларды, сондай-ақ Кәсіпорынды насихаттауға ықпал ететін ақпараттық материалдарды баспаға әзірлеу, республикалық және шетелдік музейлермен шығарылған әдебиеттермен алмасу;

22) Қазақстанның бейнелеу және қолданбалы өнері туралы әдебиеттерді, сонымен қатар республика және әлем өнерінің тарихы мен теориясы жөніндегі материалдарды жинақтау;

23) ғылыми-зерттеу жұмыстарының қолжазбаларын, экспедициялар мен ғылыми іссапарлар туралы есептерді, экспозициялар мен көрмелердің тақырыптық және тақырыптық-экспозициялық жоспарларын, экскурсиялардың әдістемелік әзірлемелерін, дәрістердің тезистері мен мәтіндерін, эскиздерді, фотосуреттерді және басқа да материалдарды қамтитын ғылыми мұрағатты қалыптастыру;

24) халықаралық және қазақстандық мекемелер жүргізетін ғылыми жобаларға қатысу.

15. Кәсіпорынның осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сәйкес келмейтін мәмілелер жасауға құқығы жоқ.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не директордың жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Кәсіпорынды басқару

17. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Кәсіпорынның құрылтайшысы болады;

2) Қазақстан Республикасының атынан Кәсіпорынға қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің құқығын жүзеге асырады;

3) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттарын, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын Кәсіпорын түрін айқындайды және Кәсіпорынның Жарғысын, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

4) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынға берілген немесе ол өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

5) Кәсіпорын мүлкінің нысаналы және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

6) Кәсіпорынның мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдалануын бақылау нәтижелері бойынша анықталған артық, пайдаланбайтын не мақсатына сай пайдаланбаған мүлкін бақылауды жүзеге асырған сәттен бастап алты ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алып қоюды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынға алып қойылған мүлікті күтіп ұстау және оны кейіннен теңгерімнен шығара отырып, өзге тұлғаға бергенге дейін оның сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

8) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруға келісім береді;

9) Кәсіпорынға өзіне бекітілген мүлікті (өзі өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге, филиалдар мен өкілдіктер құруға келісім береді;

10) Кәсіпорынға бекітілген мүлікті мүлктік жалдауға (жалға алуға) беруге талдау жүргізеді;

11) Кәсіпорынды жұмыс істеуі мен оны басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

18. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсететін қызметтердің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсатын айқындау бойынша, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын Кәсіпорынның түрін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

4) Кәсіпорын мүлкінің сақталуына және Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорынға берілген немесе ол өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім береді;

6) Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

8) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

9) Кәсіпорынның таза кірістің белгіленген бөлігін республикалық бюджетке толық және уақтылы аударуын бақылауды жүзеге асырады;

10) Кәсіпорын басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

11) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

19. Кәсіпорынның органы оның директоры болып табылады.

20. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның директорымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы рәсімдейді.

21. Кәсіпорынның Директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және егер «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) және Кәсіпорынның Жарғысында өзгеше көзделмесе, Кәсіпорын қызметінің барлық мәселесін осы Заңда және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді;

22. Директор:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және оларды жазаға тартады;

8) өзінің орынбасарларын лауазымға тағайындау және лауазымнан босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) мыналарға:

Кәсіпорынның даму жоспарын іске асырудың нәтижелілігі және тиімділігі үшін;

таза кірістің белгіленген бөлігі уақтылы бюджетке аударылмағаны үшін жауаптылықта болады;

11) Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі және мүлкінің сақталуына дербес жауаптылықта болады.

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

23. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша, банкроттықты немесе оңалту басқарушысы тағайындалған жағдайда, оны басқару бойынша барлық өкілеттік тиісінше уақытша, банкроттық немесе оңалту басқарушысына өтеді.

5-тарау. Кәсіпорынның мүлкі

24. Кәсіпорынның мүлкін құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

25. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

26. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де каражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

27. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

28. Егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, жедел басқару құқығын алу және тоқтату, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

29. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік меншік құқығын алу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел жүргізуіне түседі.

30. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, меншік иесі мүлікті Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған мүлікке қатысты жедел басқару құқығы Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

31. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

32. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ Заңның 154-бабтарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

33. Кәсіпорын осы Жарғының 31-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша

келісімімен ғана негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге құқылы.

34. Кәсіпорын жедел басқару құқығында тиісті саланың уәкілетті органының жазбаша келісімімен дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға құқылы.

35. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

6-тарау. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

36. Кәсіпорынның қызметі өз кірісі және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

37. Кәсіпорын таза кірістің бір бөлігін республикалық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

38. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес өткізеді.

39. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асырудан Кәсіпорын алған кірістер, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, өткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған кірістер Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7-тарау. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

40. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

8-тарау. Кәсіпорынның есепке алуы және есептілігі

41. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынның бас директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

42. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігі бухгалтерлік теңгерімді, кірістер мен шығындар туралы есепті, ақшалай қаражат қозғалысы туралы есепті, капиталдағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

9-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі

43. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді. Тарату жағдайларын қоспағанда, Кәсіпорынның қалған мүлкін алып қоюға жол берілмейді. Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы республикалық бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

10-тарау. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

44. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

45. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен белгіленеді.

11-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

46. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

47. Кәсіпорынның жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібі қағидаларында белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12-тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

48. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі.

49. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

50. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін таратылған Кәсіпорынның қалған мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

51. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін таратылған Кәсіпорынның қалған ақшасы Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, республикалық бюджеттің кірісіне есептеледі.

13- тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

52. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

Директор



Г. Жумабекова

Утвержден
приказом и.о. Председателя
Комитета государственного
имущества и приватизации
Министерства финансов
Республики Казахстан



от 21 » октября 2025 года
№ 706

УСТАВ

республиканского государственного казенного предприятия
«Национальный музей искусств Республики Казахстан
имени Абылхана Кастеева» Комитета культуры
Министерства культуры и информации Республики Казахстан

город Алматы, 2025 год

Глава 1. Общие положения

1. Республиканское государственное казенное предприятие «Национальный музей искусств Республики Казахстан имени Абылхана Кастеева» Комитета культуры Министерства культуры и информации Республики Казахстан (далее – Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве оперативного управления.

2. Предприятие создано в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2000 года № 449 «О реорганизации отдельных организаций Комитета культуры Министерства культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан».

В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 12 марта 2012 года № 319 «О некоторых вопросах Министерства культуры и информации Республики Казахстан» Предприятие переименовано в республиканское государственное казенное предприятие «Государственный музей искусств Республики Казахстан имени А. Кастеева» Комитета по культуре Министерства культуры и информации Республики Казахстан.

В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 4 мая 2014 года № 441 «О некоторых вопросах Министерства культуры Республики Казахстан» Предприятие переименовано в республиканское государственное казенное предприятие «Государственный музей искусств Республики Казахстан имени А. Кастеева» Министерства культуры Республики Казахстан.

В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 сентября 2014 года № 1003 «Вопросы Министерства культуры и спорта Республики Казахстан» Предприятие переименовано в республиканское государственное казенное предприятие «Государственный музей искусств Республики Казахстан имени А. Кастеева» Министерства культуры и спорта Республики Казахстан.

В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 17 августа 2021 года №564 «О некоторых вопросах республиканских государственных юридических лиц Министерства культуры и спорта Республики Казахстан» Предприятие переименовано в республиканское государственное казенное предприятие «Государственный музей искусств Республики Казахстан имени Абылхана Кастеева» Комитета культуры Министерства культуры и спорта Республики Казахстан.

В соответствии с приказом исполняющего обязанности Министра культуры и информации Республики Казахстан от 13 сентября 2023 года № 369-НК «О переименовании некоторых республиканских юридических лиц» Предприятие переименовано в республиканское государственное казенное предприятие «Государственный музей искусств Республики Казахстан имени Абылхана Кастеева» Министерства культуры и информации Республики Казахстан.

В соответствии с приказом исполняющего обязанности Министра культуры и информации Республики Казахстан от 10 ноября 2023 года

№ 436-НҚ «О переименовании некоторых республиканских юридических лиц» Предприятие переименовано в республиканское государственное казенное предприятие «Государственный музей искусств Республики Казахстан имени Абылхана Кастеева» Комитета культуры Министерства культуры и информации Республики Казахстан.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 30 января 2025 года № 774 «О присвоении статуса «Национальный» республиканским государственным казенным предприятиям «Государственный музей искусств Республики Казахстан имени Абылхана Кастеева» и «Центральный государственный музей Республики Казахстан» Комитета культуры Министерства культуры и информации Республики Казахстан» Предприятию присвоен статус «Национальный».

В соответствии с приказом исполняющего обязанности Министра культуры и информации Республики Казахстан от 24 сентября 2025 года №537-НҚ «О переименовании республиканского государственного казенного предприятия «Государственный музей искусств Республики Казахстан имени Абылхана Кастеева» Комитета культуры Министерства культуры и информации Республики Казахстан» Предприятие переименовано в республиканское государственное казенное предприятие «Национальный музей искусств Республики Казахстан имени Абылхана Кастеева» Комитета культуры Министерства культуры и информации Республики Казахстан.

3. Учредителем Предприятия является Правительство Республики Казахстан.

4. Права субъекта права республиканской собственности в отношении имущества Предприятия осуществляет Комитет государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан (далее - уполномоченный орган по государственному имуществу).

5. Органом, осуществляющим управление Предприятием, является Комитет культуры Министерства культуры и информации Республики Казахстан (далее - уполномоченный орган соответствующей отрасли).

6. Наименование Предприятия:

полное:

на государственном языке – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының ұлттық өнер музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық қәсіпорны;

на русском языке – республиканское государственное казенное предприятие «Национальный музей искусств Республики Казахстан имени Абылхана Кастеева» Комитета культуры Министерства культуры и информации Республики Казахстан;

сокращенное:

на государственном языке – «Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының ұлттық өнер музейі» РМҚК;

на русском языке – РГКП «Национальный музей искусств Республики Казахстан имени Абылхана Кастеева».

7. Место нахождения Предприятия: А15С9Т5 (050040), Республика Казахстан, город Алматы, микрорайон Коктем-3, дом 22/1.

Глава 2. Юридический статус Предприятия

8. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

9. Предприятие не может создавать юридические лица, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

10. Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

11. Гражданско-правовые сделки, заключаемые Предприятием и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

Глава 3. Предмет и цели деятельности Предприятия

12. Предметом деятельности Предприятия является осуществление деятельности в области культуры.

13. Целью деятельности Предприятия является выявление, собирание, комплектование, сохранение, хранение, изучение и пропаганда памятников художественного творчества казахского народа и народов Казахстана, произведений изобразительного, декоративного и прикладного искусства различных стран и народов мира.

14. Для реализации поставленной цели Предприятие осуществляет следующие виды деятельности:

1) изучение и анализ хранящихся произведений, а также происходящих в современной художественной культуре процессов;

2) активная пропаганда изобразительного, декоративного и прикладного искусства в целях удовлетворения эстетических запросов населения, развития его духовной культуры;

3) участие в работе по контролю над ввозом в Республику Казахстан и вывозом из Республики Казахстан произведений изобразительного, декоративного и прикладного искусства;

4) ведение научной обработки фондов, изучение и исследование развития мирового искусства, процесса развития изобразительного и прикладного искусства Казахстана с древности до современности;

5) организация экспедиций, научных командировок в целях выявления и изучения соответствующих профилю Предприятия экспонатов, памятников

истории и культуры, находящихся в частных коллекциях и собраниях, фондах других музеев;

6) проведение в установленном порядке стажировки сотрудников за рубежом с целью обмена опытом и повышения квалификации

7) пополнение фондов Предприятия путём закупа произведений музейного значения у авторов и владельцев через фондово-закупочную комиссию, за счет предметов, переданных безвозмездно физическими и юридическими лицами, а также коллекций или отдельных предметов, представляющих музейную ценность, конфискованных по решению суда или уполномоченного на то государственного органа;

8) разработка тематико-экспозиционных планов, научных каталогов выставок, путеводителей, сборников статей и монографий, методических пособий по теории и истории изобразительного и прикладного искусства;

9) изучение и анализ фондов, являющихся основным собранием в стране изобразительного и прикладного искусства Казахстана, научное описание фондов, составление научных картотек;

10) оказание научной, методической и практической помощи другим художественным музеям и галереям;

11) привлечение к научно-исследовательской работе соответствующих специалистов узкого профиля для разработки отдельных тем, атрибуции частей коллекции и отдельных экспонатов;

12) консультация, проведение необходимой оценки художественных произведений отдельных лиц, определение их качества, а также проведение атрибуции, экспертизы, с выдачей атрибуционного заключения;

13) реставрация музейных предметов фондов Предприятия и новых поступлений, составление реставрационных паспортов и другой необходимой документации на отреставрированные предметы;

14) создание экспозиции на основе имеющейся коллекции, в соответствии с принципами научного музееведения и с учётом реальной обстановки в общественной жизни, современного искусствоведения и дизайна;

15) проведение обзорных, тематических экскурсий по экспозициям и выставкам, лекций и бесед по профилю Предприятия, встреч посетителей с художниками;

16) организация и проведение творческих вечеров с участием деятелей изобразительного искусства;

17) проведение специальных воспитательных мероприятий для школьников, молодёжи, организация кружков и изостудий и т.д.;

18) популяризация деятельности Предприятия путём издания афиш, листовок, указателей тематики лекций, выпуска каталогов и буклетов, проспектов и другой научной и популярной литературы по изобразительному и прикладному искусству, а также через средства массовой информации;

19) обеспечение сохранности всех имеющихся экспонатов, а также создание условий для их широкого использования;

20) проведение профилактических мер для обеспечения сохранности произведений и выявления произведений, нуждающихся в реставрации, консервации;

21) подготовка к изданию научных статей, книг, публикаций первоисточников, каталогов музейных коллекций, путеводителей и буклетов по экспозициям и выставкам, обзоров фондов, а также информационных материалов, содействующих популяризации Предприятия, обмен издаваемой литературой с другими музеями республики и зарубежных стран;

22) накопление литературы об изобразительном и прикладном искусстве Казахстана, а также материалов по истории и теории искусства республики и мира;

23) формирование научного архива, содержащего рукописи научно-исследовательских работ, отчеты об экспедициях и научных командировках, тематические и тематико-экспозиционные планы экспозиций и выставок, методические разработки экскурсий, тезисы и тексты лекций, зарисовки, фотографии и другие материалы;

24) участие в научных проектах, проводимых международными и казахстанскими учреждениями.

15. Предприятие не вправе осуществлять деятельность, а также совершать сделки, не отвечающие предмету и целям его деятельности, закрепленным в настоящем Уставе.

16. Сделка, совершенная Предприятием в противоречии с целями деятельности, определенно ограниченными законами Республики Казахстан или учредительными документами, либо с нарушением уставной компетенции директора, может быть признана недействительной по иску уполномоченного органа соответствующей отрасли или уполномоченного органа по государственному имуществу, либо прокурора.

Глава 4. Управление Предприятием

17. Уполномоченный орган по государственному имуществу:

1) по решению Правительства Республики Казахстан выступает учредителем Предприятия;

2) осуществляет от имени Республики Казахстан права субъекта права республиканской собственности по отношению к Предприятию;

3) по представлению уполномоченного органа соответствующей отрасли определяет предмет и цели деятельности Предприятия, а также вид Предприятия, осуществляющего такую деятельность, и утверждает Устав Предприятия, внесение в него изменений и дополнений;

4) осуществляет по согласованию с уполномоченным органом соответствующей отрасли изъятие или перераспределение имущества, переданного Предприятию или приобретенного им в результате собственной хозяйственной деятельности;

5) осуществляет контроль за целевым и эффективным использованием имущества Предприятия;

6) осуществляет изъятие излишнего, неиспользуемого либо используемого не по назначению имущества Предприятия, выявленного по результатам контроля целевого использования государственного имущества, по истечении шести месяцев с момента осуществления контроля без согласования с уполномоченным органом соответствующей отрасли;

7) устанавливает Предприятию срок содержания и обеспечения сохранности изъятых имущества до его передачи иному лицу с последующим списанием с баланса;

8) дает согласие уполномоченному органу соответствующей отрасли на осуществление реорганизации и ликвидации Предприятия;

9) дает согласие Предприятию на отчуждение или распоряжение иным способом, закрепленным за ним имуществом (за исключением продажи произведенной им продукции), создание филиалов и представительств;

10) проводит анализ предоставления в имущественный наем (аренду) имущества, закрепленного за Предприятием;

11) осуществляет организацию и проведение мониторинга функционирования и эффективности управления Предприятием;

12) решает иные вопросы, отнесенные к его компетенции законодательством Республики Казахстан.

18. Уполномоченный орган соответствующей отрасли:

1) определяет приоритетные направления деятельности Предприятия и обязательные объемы работ (услуг), финансируемых из бюджета;

2) вносит предложения уполномоченному органу по государственному имуществу по определению предмета и цели деятельности Предприятия, а также по определению вида Предприятия, осуществляющего такую деятельность;

3) рассматривает, согласовывает и утверждает план развития Предприятия и отчет по его исполнению;

4) осуществляет контроль за сохранностью имущества Предприятия и выполнением плана развития Предприятия;

5) дает согласие уполномоченному органу по государственному имуществу на изъятие или перераспределение имущества, переданного Предприятию или приобретенного им в результате собственной хозяйственной деятельности;

6) осуществляет управление Предприятием;

7) утверждает годовую финансовую отчетность Предприятия;

8) по согласованию с уполномоченным органом по государственному имуществу осуществляет реорганизацию и ликвидацию Предприятия;

9) осуществляет контроль за полнотой и своевременностью перечисления Предприятием в республиканский бюджет установленной части чистого дохода;

10) назначает на должность и освобождает от должности по представлению руководителя Предприятия его заместителя (заместителей);

11) устанавливает ежегодно размер фонда оплаты труда Предприятия;

12) решает иные вопросы, отнесенные к его компетенции законодательством Республики Казахстан.

19. Органом Предприятия является его директор.

20. Уполномоченный орган соответствующей отрасли оформляет трудовые отношения с директором Предприятия посредством заключения трудового договора в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан.

21. Директор Предприятия действует на принципах единоначалия и самостоятельно решает все вопросы деятельности Предприятия в соответствии с его компетенцией, определяемой Законом Республики Казахстан «О государственном имуществе» (далее – Закон) и настоящим Уставом, если иное не предусмотрено настоящим Законом и уставом Предприятия.

22. Директор:

1) без доверенности действует от имени Предприятия и представляет его интересы во всех органах;

2) в пределах, установленных законодательством Республики Казахстан, распоряжается имуществом Предприятия;

3) заключает договоры и совершает иные сделки;

4) выдает доверенности;

5) открывает банковские счета;

6) издает приказы и дает указания, обязательные для всех работников Предприятия;

7) в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан принимает на работу и расторгает трудовой договор с работниками Предприятия, применяет меры поощрения и налагает взыскания на них, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.

8) представляет уполномоченному органу соответствующей отрасли кандидатуры для назначения на должность и освобождения от должности своих заместителей;

9) устанавливает компетенцию своих заместителей и других руководящих работников Предприятия;

10) несет ответственность за:

несвоевременные перечисления установленной части чистого дохода в бюджет;

результативность и эффективность реализации плана развития Предприятия;

11) персонально отвечает за финансово-хозяйственную деятельность и сохранность имущества Предприятия;

12) осуществляет иные функции, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

23. В случаях признания Предприятия банкротом или применения реабилитационной процедуры и назначения временного, банкротного или реабилитационного управляющего в порядке, установленном законодательным актом Республики Казахстан о реабилитации и банкротстве, все полномочия по управлению им переходят соответственно к временному, банкротному или реабилитационному управляющему.

Глава 5. Имущество Предприятия

24. Имущество Предприятия составляют активы Предприятия, стоимость которых отражается на его балансе.

25. Имущество Предприятия является неделимым и не может быть распределено по вкладам (долям участия в уставном капитале, паям) в том числе между работниками Предприятия.

26. Имущество Предприятия формируется за счет:

1) имущества, переданного ему собственником;
2) имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной деятельности;

3) иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

27. В ведении Предприятия может находиться лишь то имущество, которое либо необходимо ему для обеспечения деятельности, предусмотренной его уставными целями, либо является продуктом этой деятельности.

28. Приобретение и прекращение права оперативного управления осуществляется на условиях и в порядке, которые предусмотрены Гражданским кодексом Республики Казахстан для приобретения и прекращения права собственности и иных вещных прав, если иное не предусмотрено настоящим Уставом или не противоречит природе данного вещного права.

29. Плоды, продукция и доходы от использования имущества, находящегося в оперативном управлении, а также имущество, приобретенное Предприятием по договорам или иным основаниям, поступают в оперативное управление Предприятия в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан для приобретения права собственности.

30. Право оперативного управления на имущество, в отношении которого собственником принято решение о закреплении его за Предприятием, возникает у Предприятия в момент закрепления имущества на его балансе, если иное не установлено законодательством Республики Казахстан или решением собственника.

31. Предприятие не имеет право отчуждать на основании договоров купли-продажи, мены, дарения имущество, относящееся к основным средствам.

32. Право оперативного управления на имущество Предприятия прекращается по основаниям и в порядке, которые предусмотрены статьей 249 Гражданского кодекса Республики Казахстан для прекращения права собственности, а также в случаях, предусмотренных статьей 154 Закона.

33. Предприятие вправе отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществом, относящимся к основным средствам, лишь с письменного согласия уполномоченного органа по государственному имуществу, за исключением случаев, предусмотренных пунктом 31 настоящего Устава.

34. Предприятие на праве оперативного управления вправе передавать и списывать дебиторскую задолженность с письменного согласия уполномоченного соответствующей отрасли.

35. Предприятие самостоятельно распоряжается не относящимся к основным средствам движимым имуществом, закрепленным за ним на праве оперативного управления.

Глава 6. Финансирование деятельности Предприятия

36. Деятельность Предприятия финансируется в соответствии с планом развития за счет собственного дохода и бюджетных средств, полученных в порядке, определенном бюджетным законодательством Республики Казахстан.

37. Предприятие производит перечисление в соответствующий бюджет части чистого дохода не позднее десяти рабочих дней после срока, установленного для сдачи декларации по корпоративному подоходному налогу.

38. Предприятие самостоятельно реализует производимую им продукцию.

39. Доходы, полученные Предприятием от совершения деятельности, запрещенной законодательством Республики Казахстан, не предусмотренной Уставом, а также доходы, полученные в результате завышения установленных цен на реализуемые товары (работы, услуги), созданные за счет финансирования из бюджета, подлежат изъятию в бюджет в порядке, определяемом законодательством Республики Казахстан. В случае выявления фактов использования имущества без соответствующего его отражения по правилам бухгалтерского учета оно также подлежит изъятию.

Глава 7. Уставный капитал Предприятия

40. Уставный капитал Предприятия формируется из имущества, полученного от собственника в управление для осуществления уставной деятельности.

Глава 8. Учет и отчетность Предприятия

41. Ведение бухгалтерского учета и составление финансовой отчетности Предприятия осуществляется в соответствии с законодательством о бухгалтерском учете и финансовой отчетности Республики Казахстан и учетной политикой, утверждаемой директором Предприятия по согласованию с уполномоченным органом соответствующей отрасли, в соответствии с международными стандартами финансовой отчетности.

42. Годовая финансовая отчетность Предприятия включает в себя: бухгалтерский баланс, отчет о прибылях и убытках, отчет о движении денежных средств, отчет об изменениях в капитале, пояснительную записку.

Глава 9. Ответственность Предприятия

43. Предприятие отвечает по своим обязательствам находящимися в его распоряжении деньгами. Обращение взыскания на остальное имущество Предприятия не допускается, за исключением случаев ликвидации. Предприятие не отвечает по обязательствам государства. При недостаточности денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет Республика Казахстан средствами республиканского бюджета.

Глава 10. Оплата труда работников Предприятия

44. Размер фонда оплаты труда Предприятия ежегодно устанавливается уполномоченным органом соответствующей отрасли.

45. Система оплаты труда работников Предприятия устанавливается постановлением Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2015 года № 1193 «О системе оплаты труда гражданских служащих, работников организаций, содержащихся за счет средств государственного бюджета, работников казенных предприятий».

Глава 11. Взаимоотношения с трудовым коллективом

46. Взаимоотношения между администрацией Предприятия и трудовым коллективом определяются в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан и коллективным договором.

47. Режим работы Предприятия устанавливается правилами внутреннего трудового распорядка и не должен противоречить нормам трудового законодательства Республики Казахстан.

Глава 12. Реорганизация и ликвидация Предприятия

48. Реорганизация и ликвидация Предприятия производятся по решению Правительства Республики Казахстан.

49. Реорганизацию и ликвидацию Предприятия осуществляет уполномоченный орган соответствующей отрасли по согласованию с уполномоченным органом по государственному имуществу, если иное не установлено законами Республики Казахстан.

50. Имущество ликвидированного Предприятия, оставшееся после удовлетворения требований кредиторов, перераспределяется уполномоченным органом по государственному имуществу.

51. Деньги ликвидированного Предприятия, включая средства, полученные в результате реализации имущества Предприятия, оставшиеся после

удовлетворения требований кредиторов, зачисляются в доход республиканского бюджета.

Глава 13. Порядок внесения изменений и дополнений в Устав

52. Изменения и дополнения в Устав Предприятия вносятся приказом уполномоченного органа по государственному имуществу по представлению уполномоченного органа соответствующей отрасли.

Директор



Г. Жумабекова